

4. «Левада «Левада-Центр»: 70% россиян положительно оценивают роль Сталина жизни страны // Новая Газета. 16 апреля 2019 г. <https://novayagazeta.ru/news/2019/04/16/150907-levada-tsentr-70-rossiyanpolozhitelno-otsenivayut-rol-stalina-v-zhizni-strany>
5. Каблуков Е. В. Практики конструирования культа личности Сталина в советском медиадискурсе / Е. В. Каблуков // Известия Уральского федерального университета. Сер. 1, Проблемы образования, науки и культуры. — 2019. — Т. 25, № 1 (183). — С. 56-66.
6. Файнбург З. И. Не сотвори себе кумира... Социализм и «культ личности»: (Очерки теории). – М.: Политиздат, 1991. – 351 с.
7. Хлевнюк О. Сталин жизнь одного вождя: биография. – Москва: АСТ: CORPUS, 2015.- 464с.
8. С. Рыбас, Е. Рыбас. Сталин. Судьба и стратегия: В 2 кн. Кн. 2/. – М.: Молодая гвардия, 2007. – 634 с.
9. Суровая драма народа: Ученые и публицисты о природе сталинизма.-М.: Политиздат, 1989.-512.
10. Эпоха Сталина: события и люди. Энциклопедия. – М.: Изд-во Эксмо, Изд-во «Алгоритм», 2004.– 640с.

## ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІБІ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

Абдулла Г.А.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., Абишева Ж.Р.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

[astanaastana08@mail.ru](mailto:astanaastana08@mail.ru)

Астана қ.

II дүниежүзілік соғыс және оның құрамдас бөлігі Ұлы Отан соғысы адамзат тарихындағы ең бір қасіретке толы кезеңдердің бірі болды. Адамзат баласы бұрын-соңды бұндай қасіретті бастан өткермеді. Соғыс майдан мен тылдағы халықтардың достығын шыңдады. Бұл кезде көтерілген «бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұран халықтың көкейтесті ойынан шығып, еліміздің көп ұлтты халқын бір мезетте жұмылдырды. Сын сағатта майдан мен тыл біте қайнаскан берік те тұтас организмге айналды. Тылда да майданның өзіндік шептері болды. Ол шептер заводтар мен шахталар, қырымдар мен жайлау, қыстаулардың жанынан өтті. Тыл жауынгерлерінің майданға жөнелткен астығы, қару-жарағы, киім-кешегі, сәлемдемелері майдангерлердің ерліктерімен ұштасты.

Халық шаруашылығын тез арада соғыс жағдайына бейімдеп, қайта құру, күшті әскери экономиканы жасау міндеті күн тәртібіне қойылды. Себебі, сол кезде ғана бүкіл Еуропаның экономикасына сүйенген гитлерлік Германияның шығарып жатқан әскери техникасының сан жағынан басымдылығын жоюға болатын еді.

1942 жылдың орта шеніне қарай халық шаруашылығын соғыс жағдайына бейімдеп, қайта құру негізінен аяқталды.

Қазақстанның мұнай өнеркәсібі майданды және тылды мұнай өнімдерімен жабдықтауда, әсіресе майдан шебі Волга (Еділ) мен Кавказға жақындап, Баку мұнайының елдің орталық бөлігіне тікелей шығуы уақытша кесілген кезде елеулі рөл атқарды. 1942 жылы жазда Баку мен Грозныйдың майдандағы армиямен теміржол байланысы үзілді. Волганың төменгі сағаларына да қауіп төнді. Осы өте қиын-қыстау жағдайларда Кавказдың мұнай өнімдерін майданға ұзақ айналма жолмен: Баку – Красноводск – теңіз арқылы, ары қарай – Красноводск – Ашхабад – Ташкент – Орал – Сталинград – теміржол арқылы жеткізуге тура келді. Мұнай өнімдерін жаппай тасымалдау үшін Ашхабад теміржол желісінің өткізу мүмкіндігі шағын болғандықтан, жағдай одан сайын шиеленісе түсті. Оңтүстік майдандағы әскердің мұнай өнімдерінің қосалқы қоры тым мардымсыз болып шықты. Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті мұнай өнімдерін Каспий теңізі арқылы барынша тезірек жеткізуді талап етті. Жанар-жағармайды Бакуден Гурьевке (қазіргі Атырау) дейін теңізбен, ары қарай теміржол және мұнай құбыры арқылы Гурьев – Орск бағытында майданға жіберу шешімі қабылданды. 1942 жылдың тамыз айында Баку мұнай өнімдерінің легі Гурьев арқылы ағылды, ал Оңтүстік майдандардың маңызды торабына айналды. шұғыл шаралардың ішінде Гурьевте мұнай өңдейтін завод салу қарастырылды. Завод құрылысы және мұнай құбырларын тарту үшін Большой Пешной – Гурьев – Орск бағытына Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің шешімі бойынша КСРО мұнай өнеркәсібі Халық Комиссариатының нұсқауымен құрылыс ұйымы жіберілді. «Азнефтестрой» мен «Ембінефтестройдың» қосылуының негізінде ірі «Казнефтестрой» тресі құрылды.

Негізінен алғанда Қазақстанның мұнай өнеркәсібі қазан төңкерісіне дейін пайда болып, Кеңес өкіметі жылдарында едәуір өркендеді. 1922 жылы Ембімұнай Бүкілодақтық тресі құрылып, 1940 жылы ол Қазақстан мұнай комбинаты, 1945 жылы Қазақстан мұнай бірлестігі болды. Бірлестікке Гурьев және Ақтөбе облыстарының мұнай кәсіпшіліктері кірді. Жайық-Ембі мұнайлы ауданын игеру жөніндегі шаралардың нәтижесінде бірлестіктің материалдық-техникалық базасы нығайып, мұнай шығару артты. 1935 жылы Гурьев – Қосшағыл су құбыры (ұзындығы 640 км) салынып, мұнай кәсіпшіліктерін сумен қамтамасыз ету проблемасы шешілді. 1940 жылдың аяғында Гурьев – Қандыағаш кең табанды темір жолы пайдалануға берілді. Мұнай

кәсіпшіліктері электр станцияларының қуаты 6,3 есе дерлік артты [1]. Олардың еңбегімен республика елдегі өндірілетін бүкіл мұнайдың бестен бірін беріп тұрды.

Қазақстан мұнайшылары гитлершіл Германияның Кеңес еліне опасыздықпен тап бергені туралы хабарды ашу-ызамен естіді. Барлық мұнай кәсіпшіліктерінің ұжымдары өздерін соғыс қажеттеріне жұмылдырылды деп санап, майданға көмектесу жолындағы еңбек вахтасына ұйымшылдықпен кірісті. 1941 ж. маусымда тәулігіне 2432 тонна мұнай өндірілсе, қыркүйекте 2789 тонна мұнай өндірілетін болды. 1941 жылы пілденің басында Қазақстан мұнай комбинатының кәсіпорындарын соғыс қажетіне сай жұмыс ырғағына көшіру шараларының жоспары жасалды. Жоспарда барлық ресурстарды жұмылдыру, адам күші мен материалдық қаржыны пайдалану және барлау мақсатындағы бұрғылауға шоғырландыру, тапшы материалдарды үнемдеу, майданға аттанғандардың орнын басу, еңбек тәртібін нығайту, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің бастамаларын өрістетуге көзделді.

Майданды жанармаймен кідіріссіз жабдықтау үшін күресте Ескене кәсіпшілігінің жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері Ембіде бірінші болып насостардың бірнеше түрін, өздері құрастырған сүзгілерді қолдана бастады. Оларды енгізу есебінен ұжым скважиналардың дебитін тәулігіне 1,3 тен 4,1 тоннаға арттырды. Мақат кәсіпшілігінде жоспарлы-алдын ала және күрделі жөндеудің сапасын жақсарту арқылы кейбір скважиналардан мұнай өндіруді тәулігіне 14 тоннаға дейін арттыруға қол жетті. Байшонас геологтары Ж.А.Досмұхамбетов, В.И.Иванов және инженер Гаврилкевич екінші қабаттың скважиналарын мұнайды көбірек тартуға көшіруді ұсынды. Осы әдіске 67 скважина көшіріліп, қосымша ондаған тонна мұнай өндірілді. Комбинаттың геология-барлау конторының бас геологы В.Я.Авровтың екі және одан көп қабатты біріктіріп пайдалану туралы ұсынысының енгізілуі скважиналардың өнімділігін 2 тоннадан 9,5 тоннаға арттырды.

1941 жылдың екінші жартысында пайдалану жабдықтары, цемент, бұрғы құбырлары және басқа керек-жарақтар мүлдем дерлік келмей қалғанына қарамастан, комбинат еңбеккерлері мұнай өндіруді 24 пайызға арттырды. Тоғыз кәсіпшіліктің алтауы соғысқа дейінгі деңгейден асып түсті.

Жұмысшылар мен қызметшілердің саны әскерге алынғандықтан 1941 жылы 3 972-ден 1942 жылы 3 108-ге дейін азайды. 1941 жылдың аяғында мұнай өнеркәсібіне жұмысқа 2 306 қыз-келіншектер алынып, олардың 132-сі қиын бұрғышы мамандығын, 640 оператор мамандығын меңгерді. Мұнайшылар қатары еңбек резервтері оқу орындарының түлектерімен де толықты. Соғыс жылдарында ФЗО мектептері мен кәсіптік училищелер мұнай кәсіпшіліктеріне арнап 3 340 маман даярлады. Алайда кадрларды толықтырудың басты негізі жұмыс істемейтін адамдарды жұмылдыру болды. Дегенмен тұрмыс жағдайының ауырлығынан кадрлардың тұрақтамауы көп болды. сондықтан да басшы органдар қатаң шаралар қолдануға мәжбүр болды. Мұнай өнеркәсібінің еңбеккерлеріне бүкіл соғыс уақыты бойында басқа салаларға ауысуға тиым салынды. 1943 жылдан олар әскерге алынбайтын болды. Ал әскерде жүргендері өндіріске қайтарылды. Мұнайшылардың тұрмысын, азық-түлікпен және өнеркәсіп тауарларымен жабдықталуын жақсарту шаралары да қолданылды. Республиканың батыстағы үш облысының колхозшылары қамқорлық көмек ретінде 1943 жылдың бірінші жартысының өзінде мұнайшыларға жүздеген тонна азық-түлік, ал өнеркәсіп орындары 13 мың пар пима, 12 мың пар былғары аяқ киім, 1500 шолақ тон және басқадай жәрдем берді. Осы шаралардың нәтижесінде жұмысшылар мен қызметшілердің саны тұрақтана бастады: 1943 жылы – 5 685, 1944 жылы – 5 230, 1945 жылы – 6 324 адам болды. Соғыс жылдарында әйелдер саны 3 есе, жастар саны 3,5 есе көбейді [2]. Соғыс уақытының көптеген қиындықтарын жеңе жүріп комбинат еңбеккерлері мұнай өндіру қарқынын күшейтті.

Майдан Қазақстанның батыс облыстарына да жақындады. Бұл өңірде соғыс жағдайы жарияланып, 1942 жылы 15 қыркүйекте Доссор, Мақат, Байшонас, Ескене, Сағыз, Құлсары, Қосшағыл мұнай кәсіпшіліктерінде соғыс жағдайы және қараңғылау режимі енгізілді.

12 сәуірде Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті Үлкен Пешной аралын Гурьев – Орск бас мұнай арнасымен жалғастыратын мұнай құбырын және Гурьев теңіз портын салу туралы шешім шығарды. Гурьев облысының басшылығы бұл үшін 1400 адам, 200 көлік және едәуір азық-түлік пен тұрғын үй бөлді. Құрылыстарда жұмыс күні-түні жүрді. Осының нәтижесінде 1942 жылдың 10 тамызында-ақ Кавказ мұнай өнімдері Гурьев арқылы тасылып, бұл порт оңтүстіктегі майдандардың маңызды жол торабына айналды. 1942 жылы күзде Сталинградтан шалғай жерлерде шайқас қызғанда Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті елдің шығыс аудандарында Кавказдан эвакуацияланған жабдықтарды пайдаланып, мұнай өндіруді барынша арттыру жөнінде қаулы қабылдады (1942 жылы 22 қыркүйек). 1943 жылдың басында «Азнефтестройдан» 334 құрылысшы келді. Геологиялық іздеу және барлау жұмыстарын жеделдету үшін геофизикалық трестің қазақстандық бөлімшесі және арнаулы Қазақстан мұнай барлау тресі құрылып, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту шаралары қолданылды.

Күрделі құрылыс кеңінен өркендеді. Соғыс жылдары ішінде құрылыста 321,7 млн. сом күрделі қаржы игерілді. 1942 жылы желтоқсанда Нармұнданақ (Комсомольск) және Жолдыбай, 1944 жылы қыркүйекте Қошқар, 1945 жылы қыркүйекте Тентексор жаңа мұнай кәсіпшіліктері, жалпы қуаты 2 мың кВт үш электр станциясы, Доссор автожөндеу заводы, Гурьевте механика заводы, Мақат-Комсомольск мұнай құбыры, №5 және №7 Каспий-Орск мұнай айдау станциялары салынды. Мақат-Қосшағыл және Ембі-Қосшағыл тар табанды теміржол тартылды. Мұнай жабдықтарын жасайтын завод 8,2 млн. сом күрделі қаржы жұмсалып жаңадан салынды. 1945 жылы күзде Гурьев мұнай айыру заводы іске қосылды[3].

Соғыс уақытының қиын жағдайында мұнай айыру заводы рекордтық қарқынмен салынды. Құрылыс Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1943 жылғы 19 тамыздағы қаулысы шыққаннан соң басталған еді. КСРО

Құрылыс Халкоматы мен Қазақ мұнай құрылыс тресінің он мыңға тарта құрылысшылар ұжымы 1943 жылдың өзінде-ақ 14 млн. сомның құрылыс жұмыстарын атқарып, жоспарды 106 пайыз, ал 1944 жылы 144 пайыз орындады. 1944 жылы желтоқсаннан 1945 жылы 10 қыркүйекте іске қосылғанға дейін құрылысшылар ұжымы Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды. 1945 жылы 25 тамызда Гурьев мұнай айыру заводының бірінші кезегі пайдалануға берілді. Сөйтіп, Қазақстанда жаңа сала – мұнай айыру саласы пайда болды.

Мұнай өндіруді арттыруда қазақстандықтарға КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі М.А.Капелюшников бастаған ғалымдар бригадасы көп көмек көрсетті. Мұнай өнімдерін молайту жөніндегі шаралар сол ғалымдардың ұсыныстарына негізделді. Қазақстан мұнайшыларының алдында мұнай өндірудің тәуліктік мөлшерін 1942 жылдың тамызынан 2 500 тоннадан 1943 жылдың қазаннына дейін 4 500 тоннаға жеткізу міндеті қойылды. Бұл міндетті орындау жолында кәсіпорындарда екіжүзшілер, үшжүзшілер қозғалысы, майдандық бригадалар атану, еңбек майданының гвардияшылары атағын алу үшін жарыс кең өріс алып, Кеңес әскері жеңістерінің құрметіне майдандық вахталар қанат жайды. Қазақстан мұнайшылары 1942 жылы маусымда Бүкілодақтық социалистік жарысқа белсене қосылды. Жоғары нәтижелерге жету үшін бірнеше қабатты қоса пайдалану, ескі скважиналардан мұнай тарту, пайдаланудың қайталама әдістерін қолдану секілді амалдар жасады. Еңбектің озық әдістерін қолдану нәтижесінде 1942 жылғымен салыстырғанда орташа өндіру мөлшері 1943 жылы 2,4 есе артты.

Соғыс жылдарындағы еңбек шежіресіне Ескене кәсіпшілігінің ұжымы үлкен үлес қосты. 1942 жылы қазан айында бұрғылау мастері Рамазан Есқараевтың бригадасы бұрғылаған №12 скважинадан мұнай атқылады. Бір жылда бұл бригада бір станокпен 12 скважина бұрғылады. Бұл үлкен рекорд болатын. Скважиналардың ескі қорын шебер пайдалану нәтижесінде мастер С.Әжібаевтың бригадасы елеулі үлес қосып, 1942 жылы тамызда тапсырманы 198 пайыз, ал желтоқсанда 381 пайыз орындады[4]. Осының нәтижесінде ескенеліктер 1943 жылы да мұнай өндіруді үш есе дерлік арттырды. Олар Бүкілодақтық жарыста 6 рет озып шығып, Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Қызыл Туы мен ақшалай сыйлықтарын алды. Мол өнімді еңбегі үшін Қошқар және Тентексор мұнай кәсіпшіліктерінің ұжымдары БКООК (Бүкілодақтық кәсіподақтар одағының орталық кеңесі) және КСРО Мұнай өнеркәсібі халкоматының ауыспалы Қызыл Туымен наградталды. Комсомольск кәсіпшілігі Қазақстан ЛКЖО ОК-нің ауыспалы Қызыл Туын екі рет алды. Ақтөбе мұнай тресінің мұнайшылары мұнай өндіруді жоспардағы 45 мың тонна орнына 50 мың тоннаға дейін арттырып, қажырлы еңбектің үлгісін көрсетті. Комсомолдар ерен еңбек етіп, 1944 жылдың мамырында мұнай комбинатында 79 майдандық комсомол – жастар бригадалары жұмыс істеді. Олардың бастамасымен Сталинградтың ержүрек қорғаушыларына жұмыстан тыс уақытта жоспардан тыс өндірілген бір эшелон мұнай жөнелтілді. Ленинград блокадасының қиратылуы құрметіне 1943 жылы қаңтарда комбинат кәсіпшіліктері жоспардан тыс өндірілген бір эшелон мұнай жіберді.

Қазақстан мұнайшыларының 1943 жылы мұнай өндіруді барынша арттыру жолындағы күресі жаңа табыстарға жеткізді. Ембі және Ақтөбе мұнай кәсіпшіліктері 984 617 тонна мұнай өндірді. Мұның өзі бұлардың бүкіл пайдаланыла бастағанынан бергі ең жоғарғы көрсеткіші болатын.

Соғыс жылдарында Қазақстан мұнайшылары 1941-1945 жылдары 4 283,7 мың тонна мұнай өндірді. Қазақстан мұнай комбинаты еңбеккерлерінің қажырлы еңбегін үкімет жоғары бағалады. Еңбек майданының жүздеген гвардияшылары КСРО ордендерімен және медальдарымен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төрағасының грамоталарымен наградталды. Олардың арасында 32 жаңа скважинаны мерзімінен бұрын пайдалануға берген Р.Есқараев, мұнай өндіру шебері С.Әжібаев, операторлар Қ.Бахтияров, Б.Доспаева, Н.Шағырова, А.Байарыстанов, А.Қостанов, Н.Бермағанбетов, Н.А.Баранов, А.Назарова, В.Суханов, инженерлер С.Өтебаев, Н.Калинин, Ж.Досмұхамбетов, Р.Сағындықов, В.Ханин, К.Переверзенцев, П.Авров, С.Тумин, Ю.Шванбергер, А.Неверов, М.Тасқарин және басқа да көптеген озаттар болды[5].

Отанға деген сүйіспеншілік, гитлершіл агрессорларға өшпенділік Қазақстан мұнайшыларының майдан мен елге жан-жақты көмектесуді көздеген патриоттық қозғалысынан да көрінді. Елдің қорғаныс қорына олар ай сайын бір-екі күндік табыстарын, сондай-ақ қымбат бұйымдарын берді. «Қазақстан мұнайшысы», «Қазақстан комсомолы» танк колонияларына, «Кеңестік Қазақстан» авиаэскадрильясына екі млн. сомдай қаржы жиналды. Мұнай кәсіпшіліктерінің жұмысшылары мен қызметшілері тылдың майданмен байланысын нығайтуға, Қазақстанның қамқорлығындағы Орел облысының соғыстан қираған шаруашылығын қалпына келтіруге және сол уақыттағы басқа да көптеген ізгі қозғалыстарға белсене қатысты. Демек, Ұлы Жеңісті жақындатуға майдан мен тылдың бірлігі ерекше рөл атқарып, тылдың майданға көмегі жауынгерлердің тұрмыс жағдайларын жақсартумен бірге олардың әскери рухын көтерді. Қазақстан майданның аса қуатты арсеналына айналып, оның құрамдас бір бөлігі болды. Тылдағы еңбек майданы халықтың жауды жеңуге деген жігерлерін қайрай түсіп, жеңіс қуанышын сезінуге мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Кеңес Одағының 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінде. Екі томдық құжаттар мен материалдар жинағы. - Алматы, 1967. - II т.
2. Шаукенбаев Т. Жайық – Ембі мұнайлы ауданы. - Алматы, 1960.
3. Қозыбаев М. Қазақстан – майдан арсеналы. - Алматы, 1970 ж.

4. Қазақ КСР халық шаруашылығы тарихының очерктері. - Алматы, 1965. - III т.
5. Темірғалиев К.Е. Қазақстан мұнайы үшін күрес. - Алматы, 1982 ж.

## XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ САЯСАТЫ

Ануарова Ж.Д.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м. Тулегенова А.Ж.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

[anuarova.z@bk.ru](mailto:anuarova.z@bk.ru)

Қарағанды қ.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін қазақ халқының мәдени құрылысында өзгерістер орын алды. Сауатсыздықты жою мәселесі адамзат тарихында маңызды рөл атқарып келген. Сауаттылық деңгейін көтеру қоғамдағы теңсіздікті азайту, экономика мен мәдениетті дамыту үшін қажет болды. Сауатсыздықпен күрес науқанына қатысушы топтың бірі – қазақ жастары мен ұйымдары болды.

Қазақ халқы Ресей империясының құрамына енгеннен кейін нақты статистикалық мәліметтер айқындала бастады. Революцияға дейінгі кезеңде қазақ халқының тек 2% ғана сауатты болған және тек 22 қазақ жоғары білім алды деген ақпарат жаңсақ екені мәлім. Қазақ даласында білім іздегендердің біршамасы Самарқанд пен Бұхара секілді мұсылмандық орталықтарда діни білім алды. Әсіресе араб-парсы тілдерінде әдеби-тарихи кітаптарды оқуына мол мүмкіндігі болды.

XX ғасырдың басында Ресейде 89 губерния мен облыс болса, соның ішінде сауаттылық дәрежесі бойынша Ақмола облысы 75 орында тұрса, Жетісу облысы тіптен 86 орында тұрды. Осындай жағдайлардың орын алуының бір себебі империялық саясаттың ұстанымы болды. Мәселен, Ресейдің халық ағарту министрі Д.А.Толстой қол астындағыларға жолдаған бір жарлығында «Біздің отанымызда тұратын барлық бұратаналарды оқытудағы түпкі мақсатымыз оларды орыстандыру және орыс халқымен мидай араластырып жіберу болып табылады». Ал Орынбор генерал губернаторы П.П.Сухтелен бұдан да асып түсті. Ол «қырғыздарды жайландыру, оларды Европа халықтары жеткен биікке көтеру тәрізді әсіре ниетпен мен әуре болмаймын. Мен қырғыздардың мәңгі малшы, көшпенді болып қалғанын, ешқашан астық екпегенін, ғылымды ғана емес, тіпті қолөнерді де білмегенін жан-тәніммен қалаймын» [1].

Кеңес өкіметінің мәдени революция кезеңіндегі алғашқы құжаттарының бірі – «РСФСР халқы арасында сауатсыздықты жою туралы» 1919 жылғы 26 желтоқсанда қабылданып, В. И. Ленин қол қойғандекрет болды. Құжатта 8-ден 50 жасқа дейінгі барлық сауатсыз азаматтарға оқу міндеттеліп, сауат ашу курстарын ұйымдастыру қажеттілігі айтылды. Декрет сауатсыздықпен күресуді мемлекеттік міндетке айналдырып, халықты білім алуға тарту арқылы қоғамды жаңғырту және мәдени деңгейін көтеру мақсатын көздеді. Декреттің басты өзегі жұмысшы тап өкілдерінің сауатын ашуға бағытталды. Негізінде, тек 1920 жылы Лениннің «Покрет» шығармасы шыққаннан кейін сауатсыздарды оқыту шын мәнінде бұқаралық сипатқа ие болды. Жарлық сонымен қатар Кеңес мемлекетінің еңбекші халықтың мәдени деңгейін көтеру жолындағы күрестегі жоспарлы іс-шараларының бастауы болды. Сауатсыздарды оқыту мемлекет есебінен жүргізілді. Студенттер үшін жұмыс күні екі сағатқа қысқарды, ал олардың жалақысы өзгеріссіз қалды, ал мектептер тегін таңғы ас берді. Сабақтар үйірмелерде, оқу залдарында, қызыл бұрыштарда өткізілді. Халық ағарту комиссариаты мен қоғамдық ұйымдар сауатсыздарды оқытуға барлық сауатты адамдарды еңбек қызметі тәртібіне тартуға құқылы болды. Қаулыда сауатсыздарды оқытуға кедергі келтірген адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту қарастырылған. Сауатсыздықты жою халық арасында түсіндіру жұмысын жүргізуді, оқудың қажеттілігін дәлелдеп жеткізуді талап етті. Білім алудың жеңіске жеткен пролетариаттың әлеуметтік міндеті екенін түсіндіру қажет болды.

1920 жылы РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің (ХКК) шешімімен өлкелік Халық ағарту бөлімдерінің жанында сауатсыздықпен күресу жөніндегі комиссиялар құрылды. Бұл комиссиялардың міндеті сауатсыздардың есебін алу, педагогикалық кадрлар даярлау, курстар мен мектептер ашу, оқу құралдарын басып шығару сияқты жұмыстарды ұйымдастыру болды. 1924 жылдың қаңтарында Қазақстанда "Сауатсыздық жойылсын" атты ұйым құру жөнінде дайындық жұмыстары басталды. 1924 жылдың 17 ақпанында өткен алғашқы ұйымдастырушылық жиналыста Қазақстандағы Сауатсыздықты жою ұйымы (СЖҰ) ресми түрде құрылды. Бұл ұйымның негізгі мақсаты сауатсыздықты жою болғанымен, олар жергілікті жерде жұмысшы, шаруа, малшы қатарын социалистік құрылысқа тарту және сауатсыз ауыл халқын қоғамдық істерге жұмсауға үйрету арқылы коммунистік идеология принциптерін насихаттаумен де айналысты [2].

Қазақ АКСР құрылған кезде (1920 ж.), Халық ағарту комиссариатының мәліметтері бойынша республикада сауатсыздықты жоюға арналған мектептердің жеткілікті саны болды: Орынбор губерниясында 40929 оқушы оқитын 1219 мектеп болды. Қостанай губерниясында – 7000 оқушысы бар 347 мектеп, Бөкеев губерниясында – 429 мектеп, 12612 оқушы. Қазақстан аумағында барлығы 1920-21 ж. 2412 сауат ашу орталығы жұмыс істеп, онда 72232 адам оқытылды. 20-30 жылдардағы білім беру жүйесінің маңызды құрамдас